



10-15 APRIL 2023

**INTERNATIONAL
SCIENTIFIC-PRACTICAL
JOURNAL**

XIX GLOBAL SCIENCE

**AND INNOVATIONS 2023:
CENTRAL ASIA**



Astana, Kazakhstan



ӘОЖ 811.512

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ТҰРМЫСТЫҚ ЛЕКСИКАНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Кенжеғалиева Мөлдір- 4 курс студенті

Илияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті,
Ғылыми жетекші. Чалтикенова Л.А., ф.ғ.к.
Талдықорған, Қазақстан

Аннотация. Мақалада лексиканың бір түрі- тұрмыстық лексика және оның түрлері қарастырылған. Мақаланың өзегі күнделікті қолданылатын тұрмыстық атауларын А.Төлегеновтың «Түркістан уалаяты» және Ә.Хасеновтың еңбегіне сүйене отырып, заттарды атауларына байланысты топтастырып, олардың қолданылу аясы жағынан өзгешеліктері баяндалды. Сонымен бірге тұрмыстық заттар мен атаулар туралы қызықты ақпараттарды, мысалдарды жинақтай отырып, қазақ тіліндегі орнын айқын көрсетіп, зерттеудің негізділігі көрсетіледі.

Кілт сөздер: Тұрмыстық лексика, тіл, салт- дәстүр, әдет- ғұрып, ұлт.

Бүгінгі таңда кең ауқымда зерттеліп жүрген, лексиканың бір түрі- тұрмыстық лексика деп аталады. Тұрмыстық лексика ұғымына кеңінен тоқталып өтетін болсақ, көбіне бұл ұғымды ғалымдар тұрмыстық заттармен, әшекей бұйымдар, ыдыс-аяқ, адамдардың күнделікті қолданатын тағы да басқа заттарды жатқызады. Сол себептен көптеген зерттеу еңбектерінде бұл ұғымға қатысты терминдер кездесіп жатады: кәсіби лексика, этномәдени лексика, тұрмыстық лексика және тағы басқалары. «Тұрмыс» деген сөздің өзін жеке алып қарайтын болсақ, күнделікті өмір мағынасын береді. Осы ұғымды ала отырып, оның белгілі бір заттарды емес, қарапайым адамдар арасындағы күнделікті өмірді көрсетеді екен. Тұрмыстық лексика туралы Ғабдолла Қалиев және Әсет Болғанбаев өздерінің «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы» атты еңбегінде оған күнделікті өмірде, тұрмыстық қарым- қатынаста қолданылатын жалпы халыққа белгілі, сөйлеу тілінің аясындағы сөздерді жатқызады. Мәселен: оған кемсіту сөздері, дөрекі, мысқыл-мазақ мәніндегі сөздер және тұрақты сөз тіркестерін келтіреді [1.163-164 б.]. Осы жазылған мысалдар көркем әдебиетінде де, ауызекі сөйлеуде де кең таралған. Тұрмыстық лексика турасында деректі А.Төлегеновтың «Түркістан уалаяты» газетінің лексикасы атты мақаласынан көруге болады. Осы аталған мақалада зерттеуші тұрмыстық лексика тобына жататын сөздерді шығу тегі мен тұрмыста атқаратын қызметтеріне қарай былайша бөліп топтастырған:

1) киім, мата және матадан жасалған материалдар: ішік, тон, етік, шапан, бөрік, жібек, шыт, жейде, шұға, кебін, арқан т.б.;

2) үй жиһаздары, тағам атаулары, ыдыс-аяқ, киіз үй, ағаш үй, шатыр, қазан, мыс қазан, темір қазан, сандық, ошақ, құман, қонақ асы, ет, сорпа, көже, тоқаш;

3) мал атаулары: бура, нар, түйе, жылқы, інген, бие, құлын, айғыр, сиыр, бұзау, тоқты, қозы т.б. [2.4- 86].

«Тұрмыстық лексика- күнделікті жиі қолданылатын аса қажетті, сондай-ақ халықтың тұрмыс жайы, салт- сана, әдет- ғұрпына, өмір тіршілігіне қатысты сөздер. Бұлар, негізінен, күнделікті ауызекі сөйлеу тіліне тән жалпылама лексикамен астасып жатады» [3. 52-53 б.] - деп Әбікен Хасенов анықтама бере келіп, оларды мынандай топтарға бөледі: құрал- сайман атаулары; киім- кешек атаулары; ыдыс- аяқ аттары; баспанаға қатысты сөздер деп көрсетеді. Көріп тұрғанымыздай зерттеушілердің тұрмыстық лексиканы зерттеуі мен оны бөліп қарастыруы ұқсас келеді. Тұрмыстық лексиканы дәл осылай топтастыра отырып, біз олардың мағынасын, ауызекі сөйлеу кезіндегі орнын мағынасын дәл көрсете аламыз.





Мысалы: «Сендерден қалмайыншы деп бір-екі рет мойныма «қарғыбау» тағып шығып едім, байлау көрмеген иттей әлгі пәле кеңіздегімді қылғындырып мазамды алды.»[4.35]. Осы сөйлемде қарғыбау деген сөз Ә.Хасенов бөліп көрсеткендей тұрмыстық лексиканың ішінде киім- кешек атауына жатады. Орысша галстук деп аударылады. Жоғарыда атап өткендей дәрекі түрде қолданылған сөзді де көреміз: байлау көрмеген иттей әлгі пәле- деп қарғыбауды меңзеп тұр. «Киіз үйде ер адам жоғын жүрегім сезіп тұрса да, үлкендердің үлгісімен Ассалаумағалейкум!- деп табалдырықты аттап, алды-артыма қарайлайтындай өзімнен басқа қонақ жоқ болған соң іркілместен төрге шығып тізе бүктім де, оң қапталда қабағы солғындау қалыпта отырдым»- сөйлемде үй- баспанаға жататын тұрмыстық сөз- киіз үй деп аталады. Киіз үйдің өзіндік бірнеше атаулары бар және сәлемдесу ретінде «Ассалаумағалейкум!» сөзі беріліп тұр. Сонымен қатар қазіргі кезде қазақ тілде атауы бар бола тұра орыс тілін қосып, сол тілде атап жатады. Мысалы: телефон, сотка, зажигалка, машина тәрізді. Заттардың бәрі де темірден жасалған, түркілердің темірдің сырын білуімен қатар от құдіретін түсіну дәрежесін пайымдатады. Сапсалғы – ұсталардың темір қысатын аспабы. Сапсалғымен темір қысады (Сем.Абай). Екі түбірден (сап+сал) және сөзжасам қосымшадан (-ғы) тұратын күрделі атау. [1486].

Қазіргі таңда тұрмыстық лексиканың қолдану өрісі өзгеше болып келеді. Мысалы, шапан сөзін алып қарайық. Қазақтың тұрмыста қолданатын киім кешек түрі. Қазақ халқы шапанды қастерлеп, ең сыйлы адамдарға кигізетін болған. Сонымен бірге шапан дін адамдарының да күнделікті киіміне айналған деседі. Ең қызығы әртүрлі жағдай туындаған кезде төлем түрін анықтайтын әлеуметтік қызмет те атқарған. «Ат- шапан айып тарту»- демекші, мысалы, «Жеті жарғы» заңында салт- дәстүрді бұзған адамдарға шапан немесе ат айып тарттырған екен.

Той иесін жүздеген адам көбірек тілекпен көміп салады, отыз-қырық шапан жамылады. Кейінгі кездері кімнен қашан енгені белгісіз, жаназа үстінде ата жолы деп үш жүздің өкілдеріне шапан тарату рәсімі пайда болды. Әр рудың өкілдеріне жақынынан айырылып отырған үй шапан береді. [5.526]. Міне, шапан қоғамның дамуына байланысты қолданыс аясы да ерекшеленетінін білдік. Бір жағынан киелілік жағынан айтылса, екінші жағынан орынсыз қолдану, дәстүрдің бұзылғандығы айтылады.

«Кешкұрым қызды бөлмесіне шақырып ап ақыл айтатын. – Бұл еркектердің көркіне қызықпай, бөркіне қызық. Көрік әйелдерге керек, ал бөрік, еркектердің абыройы мен дәулетін көрсетеді.» [5.536]

Бұл жерде бөрік лексемасы туралы айтылған. Осы мысал арқылы қазақтардың дүниетанымы берілген. Қаншалықты адамзат үшін, ер адамдар үшін бөріктің маңызды екендігі сөз болады. Сонымен қатар бөрікке қатысты көптеген мақал- мәтелдер де кездеседі: «Заманың қалай болса, бөркің солай», «бөркің тар болса, басыңды қысар, мінезің тар болса, басыңдағы бағың ұшар», «Бөрік- басқа көрік», «Осы киізден бізге де бөрік шығар», «Ақымаққа бөркін ал десең, басын алады». Жазылған мақал- мәтелден байқайтынымыз, заманға байланысты және тәрбиелік туралы жазылған. Стильдік тұрғыдан келгенде, таза публицистикалық жанрдан гөрі біршама көркем әдебиетке жақын келетін келесі алқасөздің бірі – әлеуметтік-тұрмыстық салаға жататын мадақ сөздер мен өмірден озғандарды еске алу, қабір басында қоштасу сөздері. (Мәртебе.кз. Мадақ сөздер туралы түсінік.) Бұл сөздер қазақ тілінде ертеректен айтылып келе жатқан халыққа таныс сөздер. Мысалы бір кісіні істеген ерлігі үшін мадақтау, елге еңбегі сіңген тұлғаларды жоқтау сөздері тойларда және топырақты өлімдерде айтылатын болған.

Қазақ тұрмысында мал шаруашылығы кең тараған (қой, жылқы, түйе, сиыр). Ата-бабамыз осы төрт түлік малдың арқасында күн көрді. Терісінен жылы киім тігіп, мінсе көлік еткен. Жылқы- ең киелі жануардың бірі. Жоғарыда аталғандай, Жеті жарғы заңы бойынша, салтты бұзғандарға айып ретінде ат салынған. Тіпті, бұрынғы заманда батырларымыз





жорыққа осы жылқымен шыққан. Қой- қазақ тұрмысында негізгі төрт түліктің бірі. Себебі, адамның кедей немесе бай екендігі осы қойдың санына байланысты болған. Мысалы, тоқсан қойдан аз болса, кедей, ал көп болса байға теңелген екен. Қойдың жүнінен қазақтар жылы кішігірім киімдер тоқып киген. Түйе де қазақтар үшін ең маңызды жануар саналды. Түйені көлік ретінде пайдаланып қана қоймай, шұбатын ішіп, ауыр жүктерді осы түйе арқылы тасыған.

Зерттеушілердің пікірлеріне қарағанда тұрмыстық лексика болып табылатын және негізгі ұғым- тағам атаулары деп аталады. Ас, тамақ ұғымын сөйленістерде ауқат, құрсак, қару – лексемалары білдіреді, есім сөздерден қимыл ұғымы: ауқаттану, құрсактану, ауқат алу, ауқат ету жасалады. [1516]. Жалпы қазақ халқы тағамға қатты мән берген. Сол тағам арқылы біз халықтың мал шаруашылығына, егін шаруашылығына жақын болғанын білеміз. Қазіргі заманда көптеген ұлттық тағам атауларын біле бермейміз. Ал кеңінен зерттеп, оқып қарайтын болсақ тағам түрлері өте көп болған. Мысалы: сорпа тағамдары: кеспе, тұздық, жас сорпа. Жеті түрлі қоспа арқылы наурыз мерекесінде дайындалатын «Наурыз көже». Ұн тағамдары: бауырсақ, бөкпен, атала т.б. Халықтың дәстүрлі тамақтану жүйесі, тағам түрлері халықтар арасындағы әр түрлі қарым-қатынас пен үстемдік етуші шаруашылық-мәдени факторлардың тікелей әсеріне ұшырамай қоймайды. Әр сөйленістік аймақта халықтың ұлттық дәстүрлі тағам түрлерімен қатар сол аймаққа тән ерешелік орын алып отырады.

Қорытындылай келгенде, тұрмыстық лексика бұл- күнделікті өмірде біз қолданылатын заттарды атайды.. Ғалымдардың зерттеулеріне көңіл бөле отырып, тұрмыстық сөздер жай ғана беріліп қана қоймай атауларына сәйкес топтастырылады. Мәселен: самаурын- үй жиһаздары ішінде ыдыс-аяққа жатады. Қазақ тұрмысында ежелден пайдаланылады екен. Ұлтымыздың табиғатымен біте қайнасып кеткен тұрмыстық бұйымдардың бірі. Сонымен, тұрмыстық лексика ұғымын ала отырып, қазақ тілінде ауқымы кең және өткен заман мен қазіргі заманда тұрмыстық лексиканың пайдалануында ерекшеліктер көп кездесетінін білдік. Киім кешек атаулары, тағам атаулары, жалпы алғандағы тұрмыстық атаулары қазақ халқы үшін өте маңызды болған. Тұрмыстық лексиканың зерттелуі, топтастырылуы бойынша да бірегей көзқарастарды байқаймыз. Осы зерттеулерді, көзқарастарды қарастыра отырып, ары қарай дамыта түсу қажет.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1.Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Алматы, 2006. — 264 бет.
- 2.Хасенов Ә.Тіл білімі – Астана : Ер-Дәулет, 2007. - 125, [2] бет.
- 3 Жұмабай Қайранбай «Біз студент едік»- Алматы: Атамұра, 2013..
- 4.Бейсенбаева М. К Этномәдени лексиканың танымдық- қатысымдық қызметі .Алматы, 2019.- 151б.
5. Жас ғалымдар, Хабаршы Алматы, 2013.
6. Ескілік пен естелік. Egemen Qazaqstan, 2022.
7. Сымбат Айдархан «Мадақ сөздер туралы түсінік» Martebe.kz. 2020.

